

“АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ” МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ				
<b>ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ</b>				
<b>201</b>	<b>ж.</b>	<b>15</b>	<b>06</b>	<b>ЖУРГІЗІЛДІ</b>
<b>Күнелік №</b>		<b>40360 7801-0554</b>		
<b>БСН</b>	<b>0805400 20707</b>			



Жоғары Камкоршылық кеңесінің  
2013 жылдың Тәулік № 2

“АСТАНА КАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ”  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕҢГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН  
ЖӘНЕ  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

201 3 ж. “24” 05  
БСН 080540030702 ЖУРГІЗІЛДІ

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2011 жыл 15 06  
куәлік 60360-1801-0554

## «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының **ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2013 жыл

## 1-бап. Жалпы ережелер

1. Бұдан әрі – ДББҰ деп аталатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйыми ««Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Коры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамын қайта құру нысанында кайта үйымдастыру жолымен құрылған.

ДББҰ Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамының оның барлық құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мираскоры болып табылады.

2. ДББҰ-ның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

3. ДББҰ-ның толық ресми атауы:

1) казақ тілінде: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйыми;

2) орыс тілінде: Автономная организация образования «Назарбаев Интеллектуальные школы»;

1) ағылшын тілінде: Autonomous Educational organization "Nazarbayev Intellectual Schools".

4. ДББҰ-ның қысқартылған атауы:

«1) казақ тілінде: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ;

2) орыс тілінде: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»;

3) ағылныш тілінде: АЕО «Nazarbayev Intellectual schools».

5. ДББҰ-ның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 53.

## 2-бап. ДББҰ-ның занды мәртебесі

1. ДББҰ құқықтық мәртебесі және қызметінің ерекше құқықтық режимі «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Коры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) айқындалатын, дербес білім беру үйимының үйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған мүшелігі жоқ коммерциялық емес үйым болып табылады.

2. ДББҰ Қазақстан Республикасының заннамасы бойынша занды тұлға болып табылады, дербес тенгерімі бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3. ДББҰ-ның қызметі Қазақстан Республикасының Заңымен, заннамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ ДББҰ-ның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

4. ДББҰ каржылық-экономикалық, әкімшілік басқаруда, шешім қабылдауда дербестікке ие, бұл оның Қазақстан Республикасының заннамасына және осы Жарғыға сәйкес кадрларды іріктеу мен орналастырудагы, білім беру, ғылыми, зерттеу, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырудагы оқшаулылығы мен дербестігі деп түсініледі.

ДББҰ білім беру мазмұнын айқындауда, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді тандауда, іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша білім беру технологияларын тандауда еркін.

5. ДББҰ-ның өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, өз атауы бар бланкілері және өзге де деректемелері, сондай-ақ банктерде, оның ішінде валюталық шоттары бар, нышаны (тауарлық белгісі), логотипі мен өзге де фирмалық деректемелері болады.

6. ДББҰ-ның күзет құжаттарын, «ноу-хау» технологиялары мен зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне өзге де құқықтарды иеленуге және пайдалануға арналған құқықтарды сатып алуға және ұсынуға, сондай-ақ өзіне тиесілі зияткерлік меншік құқығын қорғауға, сондай-ақ қызметтік ақпаратты, коммерциялық және өзге де заңмен қоргалған құпияларды қорғауға құқылы.

ДББҰ-ның зияткерлік меншік объектілеріне құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ шетелдік серіктестермен жасалатын келісімдерге сәйкес реттеледі.

7. ДББҰ-ның осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасымен қозделген тәртіппен заңды тұлғалар, оның ішінде еншілес құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және оның шектерінде басқа да заңды тұлғалардың жарғылық капиталдары мен қызметіне қатысуға құқылы.

8. ДББҰ Қамкоршылық кенес шешімінің негізінде еншілес, ұйымдар, филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы. ДББҰ филиалы ДББҰ Басқармасы айқындаған шекте ДББҰ-ның функцияларын дербес жүзеге асырады, өкілдік ДББҰ-ның мүдделерін білдіреді және оларды қорғауды жүзеге асырады.

Филиал (өкілдік) туралы ереже, филиалдың (өкілдіктің) Құрылымы мен штаттық кестесі және енбекакы төлеу жүйесі ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Филиал (өкілдік) қызметіне басшылыкты ДББҰ Басқармасымен тағайындалатын тұлға жүзеге асырады. Филиал (өкілдік) басшысы ДББҰ Басқармасының алдында жауапты болады және белгіленген тәртіппен алғынған бас сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

9. ДББҰ өз құрылымын өз бетінше қалыптастырады. ДББҰ-ның Құрылымдық бөлімшесінің құқықтық мәртебесі мен функциялары ДББҰ Басқармасымен бекітілетін тиісті ережемен айқындалады.

10. ДББҰ өз Құрылтайшысының міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Құрылтайшы ДББҰ-ның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. ДББҰ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, мемлекетте ДББҰ-ның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### **3-бап. ДББҰ қызметінің мақсаты мен мәні**

1. ДББҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта және қосымша білім беру саласындағы қызметті, сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады.

ДББҰ-ның қызметі халықаралық деңгейде бәсекелесе алатын, белсенді өмірлік ұстанымы бар жоғары білімді интеллектуалды тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік беретін қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің ең озық дәстүрлерін

біріктіретін орта білім берудін инновациялық моделін калыптастыруға бағытталған.

ДББҰ қазіргі заманғы білім беру бағдарламалары мен технологияларын, окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу құралдары мен басқа да оқу әдебиетін өзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын эксперименталдық алаң болып табылады.

## 2. ДББҰ өз қызметін:

- 1) академиялық бостандық;
- 2) білім, ғылым және өндірісті біріктіру;
- 3) дербестік және өзін өзі басқарушылық;
- 4) шешімдер кабылдаудағы алқалылық;
- 5) әлеуметтік жауапкершілік пен ашықтық қағидаттарында жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармагында көрсетілген мақсаттарға кол жеткізу үшін ДББҰ мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

### 1) білім беру, оның ішінде:

бастауыш (оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту), негізгі және жоғары мектептің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

түрлі бағыттағы қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

шетелдік серіктестердің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

эксперименталдық білім беру бағдарламаларын, оның ішінде шетелдік серіктестермен өзірлеу, сынау және енгізу;

2) педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

3) білім беру қызметінің мониторингі, оның ішінде шетелдік серіктестердің катысуымен;

4) білім берудің сапасын қамтамасыз етуді бағалау үшін аспаптарды (көрсеткіштер, индикаторлар, сауалнамалар, сұхбаттасу сұраптары және т.б.), оның ішінде шетелдік серіктестердің катысуымен өзірлеу;

5) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беру қызметін ақпараттандыру және әлемдік білім қорлары мен кітапханаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;

6) білім беру саласында жобаларды, оның ішінде шетелдік серіктестердің катысуымен іске асыру;

7) өз мектептерінің жүйесін құру, дамыту және жетілдіру, меншік объектілерін салуды; реконструкциялауды және техникалық қайта жарақтандыруды курделі және ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру;

8) білім беру саласында халықаралық ынтымактастық, оның ішінде оқытушылармен және білім алушылармен халықаралық алмасу;

9) білім алушылардың катысуымен олимпиадалар, конкурстар, жарыстар мен басқа да іс-шаралар үйімдастыру және өткізу;

10) білім беру, ғылыми, танымдық, мәдени ағарту, мәдени бұқаралық, мәдени ойын-сауық, спорттық, сауықтыру, туристік сипаттағы іс-шараларды өткізу;

11) білім беру саласында мемлекеттік тапсырыс пен мемлекеттік тапсырмаларды орындауға катысу;

12) жеке инвестициялар тарту;

13) инновациялық;

14) инфрақұрылымды құру және дамыту;

15) білім беру саласындағы консалтингтік қызметтер;

- 16) жұмыс тәжірибесін (педагогикалық тәжірибелі диссеминациялау), оның ішінде ақылы негізде білім беру қызметтерін және нормативтік құжаттарды, окулыктарды, мұғалімдер үшін нұсқаулыктарды, әдістемелік құралдар мен басқа да құжаттарды сату жолымен трансляциялау;
- 17) полиграфиялық-баспа;
- 18) медициналық (білім алушылардың денсаулықтарын қорғауды қамтамасыз ететін көлемде оларға медициналық қызмет көрсету, сауыктыру);
- 19) қонак үй қызметтері, сондай-ақ ДББҰ қызметкерлеріне қызметтік тұрғын үй-жайлар беру;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер.

#### **4-бап. ДББҰ-ның білім беру қызметі**

1. ДББҰ-ның білім беру қызметі лицензиялауга жатпайды.
  2. Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасымен көзделген мемлекеттік аттестаттау ДББҰ-да жүргізілмейді.
  3. ДББҰ білім беру үдерісін мынадай білім беру деңгейлері бойынша жүзеге асырады:
    - бастауыш мектеп, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
    - негізгі мектеп;
    - жоғары мектеп.
  4. ДББҰ өз бетінше әзірлеген білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ эксперименталдық білім беру бағдарламаларын іске асырады.
 

Білім беру, оның ішінде эксперименталдық бағдарламаларды әзірлеу және бекіту тәртібі ДББҰ-ның Басқармасымен бекітіледі.
  5. ДББҰ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асуруды жүзеге асырады.
  6. ДББҰ-да білім беру үдерісін ұйымдастыру ДББҰ Басқармасымен бекітілетін Білім беру қызметін ұйымдастыру ережесі мен Эксперименталдық қызмет туралы ереженің негізінде жүзеге асырылады.
  7. ДББҰ-да оқыту және тәрбиелеу тілдері мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдері болып табылады.
  8. ДББҰ-ға Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.
- Қабылдау тәртібі ДББҰ Басқармасымен бекітілетін ДББҰ-ға оқуға қабылдау және ауысу ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілетін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын беру ережелерімен регламенттеледі.
- ДББҰ-ға оқуға қабылданған азаматтар білім алушылар болып табылады.
- ДББҰ-да біліктілігін арттырудан өтіп жатқан педагог қызметкерлер тиңдаушылар болып табылады.
9. ДББҰ мен білім алушылар және (немесе) олардың ата-аналарымен (заның өкілдері) карым-катаңастар осы Жарғымен, ДББҰ-ның Басқармасымен бекітілетін Білім алушылар үшін ішкі тәртіп ережелерімен, сондай-ақ Білім беру қызметтерін көрсету туралы шартпен айқындалады.
  10. ДББҰ ақылы негізде білім беру қызметін көрсетуге күкілі.

11. Оқу жүктемесі мен оқу күнінің режимі білім алушылар үшін Ішкі тәртіп ережелерімен айқындалады және «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық» санитариялық қагидаларында белгіленген нормалардан аспауга тиіс.

Білім алушыларды тамақтандырумен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету Білім беру қызметін ұйымдастыру ережелерімен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Оқыту үдерісінде ДББҰ-ның Басқармасымен бекітілетін Білім алушыларды ағымдағы бақылау, аралық және корытынды аттестаттауды ұйымдастыру ережелерімен белгіленген тәртіппен білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттау жүзеге асырылады.

13. Негізгі мектеп пен жоғары мектептің білім беру бағдарламаларын игеру Білім алушыларды ағымдағы бақылау, аралық және корытынды аттестаттауды ұйымдастыру ережелерімен белгіленген тәртіппен жүргізілетін білім алушыларды міндettі корытынды аттестаттаумен аяқталады.

ДББҰ корытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыларға білім берудің тиісті деңгейі туралы құжат береді, ол мемлекеттік үлтідегі білім беру туралы құжаттарға теңестіріледі.

Білім беру туралы құжаттардың бірыңғай нысаны мен оларды толтыру тәртібі ДББҰ-ның Қамкоршылық кенесімен бекітіледі.

14. ДББҰ-да оқыған тұлғалар үлттық бірыңғай тестілеуден босатылады.

15. ДББҰ-да тәртіп білім алушылардың, оқытушылардың адами қадір-қасиеттерін құрметтеу негізінде сакталынады. Білім алушыларға дene және психологиялық күш көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді. Адамгершілікке жат, сондай-ақ білім алушылардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті оқыту әдістерін пайдалануға тыйым салынады.

Білім алушыларға тәртіптік теріс қылыштары үшін білім алушыларға арналған Ішкі тәртіп ережелерімен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары колданылуы мүмкін.

16. Білім алушылар ДББҰ-дан мынадай жағдайларда шығарылады:

- 1) әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзуышылық жасау;
- 2) ДББҰ-ның Жарғысын немесе Білім алушыларға арналған Ішкі тәртіп ережелерін өрекел және бірнеше мәрте бұзу;

3) оқу сабактарын 10 оқу күнінен артық дәлелсіз себеп бойынша босату. ДББҰ-дан шығаруға білім алушының не оның ата-анасының (занды өкілдерінің) мектептен шығу жөніндегі себебі көрсетілген өтініші де негіз болады.

17. ДББҰ-дан білім алушыны шығару Педагогикалық кенесің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

## 5-бап. ДББҰ-ның басқару органдары

1. ДББҰ-ның басқару органдары:

- 1) жоғары басқару органы – «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» Жоғары Қамкоршылық кенес (бұдан әрі – Жоғары қамкоршылық кенес);
- 2) басқару органы – Қамкоршылық кенес;
- 3) атқарушы орган – Баскарма болып табылады.

## 6-бап. Жоғары Қамқоршылық кенес

1. Жоғары қамқоршылық кенес ДББҰ-ның жоғары басқару органы болып табылады.

Жоғары қамқоршылық кеңестің бірінші төрағасы – Ұлт көшбасшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болып табылады.

2. Жоғары қамқоршылық кеңестің құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, олардың шешім қабылдау тәртібі Занда, сондай-ақ Жоғары қамқоршылық кеңестің бірінші төрагасы бекітетін Жоғары қамқоршылық кенес туралы ережеде айқындалады.

3. Жоғары қамқоршылық кеңестің айрықша құзыретіне мынадай:

1) ДББҰ-ның ұзак мерзімді даму стратегиясын бекіту;

2) ДББҰ-ның мүлікке билік ету тәртібін бекіту;

3) ДББҰ-ның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оны жаңа редакция да қабылдау;

4) ДББҰ-ның Қамқоршылық кенесін қалыптастыру, оның мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату;

5) ДББҰ-ның кайта ұйымдастыру, тарату туралы шешімдер қабылдау;

6) Жоғары қамқоршылық кенес туралы ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктер мәселелері жатады.

4. Жоғары қамқоршылық кеңестің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ДББҰ-ның өзге де органдарының құзыретіне берілмейді.

## 7-бап. Қамқоршылық кенес

1. Қамқоршылық кенес Жоғары қамқоршылық кенес құзыретіне жататын мәселелерді шешуді қоспағанда, ДББҰ-ның ДББҰ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы болып табылады.

Қамқоршылық кенес өз қызметін Қамқоршылық кеңеспен бекітілетін Ереженің негізінде жүзеге асырады.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы Жоғары Қамқоршылық кенеспен қалыптастырылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына ДББҰ-ның Баскарма төрағасы лауазымы бойынша кіреді.

3. Қамқоршылық кенес мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрауы және жиырма бір адамнан аспауы тиіс.

Бірінші отырысында Жоғары қамқоршылық кенес Қамқоршылық кеңестің жеті мүшесін тағайындауды. Бұдан әрі Жоғары қамқоршылық кенес Қамқоршылық кеңестің ұсынымы бойынша оның шекті санына жеткенге дейін Қамқоршылық кеңестің жыл сайын жеті мүшесін тағайындауды.

4. Қамқоршылық кенес мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі үш жылды құрайды.

5. Қамқоршылық кеңестің мүшесі қайтыс болған, орнынан түскен немесе оны құрамнан шығару туралы шешім қабылданған жағдайда, Қамқоршылық кеңестің осы бос орынға орналастыру үшін таңдал алынған мүшесі Қамқоршылық кеңестің кеткен мүшесінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың қалған мерзіміне тен мерзімге тағайындалады. Қамқоршылық кеңестің осындай мүшесін кез келген

кейінгі толық мерзімге кайта сайлау болашақтағы қайта тағайындау құқығын айқындау мақсатында оның өкілеттіктерінің алғашкы толық мерзімі деп есептеледі.

6. Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның құрамында Комитеттер Құрылуды мүмкін.

Комитеттердің саны, оларды қалыптастыру және қызметінің тәртібі Қамқоршылық кеңестің шешімімен айқындалады.

7. Қамқоршылық кеңестің айрықша құзыretіне мынадай өкілеттіктер жатады:

1) ДББҰ-ның жылдық және 3 жылға арналған орта мерзімді бюджетін бекіту;

2) ДББҰ-ның Басқарма құрамын қалыптастыру, Басқарма Төрағасын, оның орынбасарлары мен Басқарма мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін тоқтату;

3) Басқарма Төрағасымен еңбек шарттарын жасасу. Еңбек шарттары Басқарма Төрағасының орынбасарларымен және Басқарма мүшелерімен жасалады және Басқарма Төрағасы бұзады;

4) Басқарма Төрағасына еңбек ақы төлеу шарттарын, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің түрлері мен мөлшерін бекіту;

5) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережелерін бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

6) ДББҰ-ның стратегиялық серіктестерін айқындау;

7) ДБҰҰ-ның еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін құру мен тарату туралы шешімдерді қабылдау; ДББҰ-ның басқа заңды тұлғаларға қатысу туралы, оның ішінде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына ақшалай каражатты және өзге де мұлікті енгізу немесе осындай мұлікті өзге тәсілмен басқа заңды тұлғаларға құрылтайшы немесе қатысушы ретінде беру туралы;

8) ДБҰҰ-ның мұдделер қайшылығы көзделетін ірі мәмілелер және мәмілелер жасауын мақұлдау;

9) ірі мәмілелер және оларды жасасу тәртібінің өлшемдерін бекіту;

10) жылжымайтын мұлік пен аса бағалы жылжымалы мұлікті сатып алу немесе иеліктен шығару бойынша ДББҰ-ның мәмілелерін мақұлдау;

11) аса бағалы жылжымалы мұліктің тізбесін бекіту;

12) тындаушыларға стипендиялар, олардың мөлшері мен төлеу тәртібін тағайындау;

13) педагогикалық қызмет үшін атаулы көтермелеге белгілерін, атаулы сыйлықақы және оларды беру тәртібін тағайындау;

14) тиісті органдарға ДББҰ қызметкерлерін үкіметтік наградалармен марапаттау туралы және құрметті атактар беру туралы колдаухаттар енгізу;

15) Қазакстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қамкоршылық кеңес туралы ережеге сәйкес өзге де өкілеттіктер мәселелерін шешу жатады.

8. ДББҰ-ның Қамқоршылық кеңесінің айрықша құзыretіне жататын мәселелер ДББҰ-ның Баскармасына шешу үшін беріле алмайды. Қамкоршылық кеңес осы Жарғыға сәйкес ДББҰ Баскармасының құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімдеріне қайши келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

9. Қамқоршылық кенес Қамқоршылық кенес төрағасының не мүшелерінің немесе Басқарма төрағасының бастамасы бойынша енгізілген кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

10. Қамқоршылық кенестің отырысы, егер Қамқоршылық кенес мүшелерінің кемінде жартысы қатысса заңды деп есептеледі.

Қамқоршылық кенестің шешімі Қамқоршылық кенес туралы ережеде өзгеше көзделмесе жай көпшілік дауыстармен қабылданады.

Дауыстардың саны тең болған кезде, Қамқоршылық кенес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қамқоршылық кенестің шешімі хаттамамен ресімделеді.

11. Қамқоршылық кенестің шешімі отырыс өткізбей, бюллетеньдер арқылы сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін. Қамқоршылық кенес мүшелерімен сырттай дауыс беруді өткізу дің ерекшелігі Қамқоршылық кенес туралы ережемен белгіленеді.

12. Осы тармактың екінші болігінде көзделген жағдайды қоспағанда, Қамқоршылық кенестің төрағасы Қамқоршылық кенес мүшелерінің отырысына катысқандардың жалпы санынан ашық дауыс берумен жай көпшілік дауыстармен оның мүшелерінің ішінен сайланады.

Қамқоршылық кенестің төрағасы осы тармактың бірінші болігінде көзделген шарттарды сактамай, Жоғары қамқоршылық кенестің бірінші төрағасының шешімімен сайлануы мүмкін.

13. Қамқоршылық кенестің төрағасы Қамқоршылық кенестің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді, сондай-ақ осы Жарғымен, Қамқоршылық кенес туралы ережемен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## **8-бап. ДББҰ-ның басқарудың атқарушы органдары**

1. Басқарма ДББҰ-ның алқалық атқарушы органы болып табылады, ол Занмен және осы Жарғымен ДББҰ-ның басқарудың басқа органдарының құзыретіне жатпайтын ДББҰ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдаумен ДББҰ-ның қызметіне ағымдық басшылықты жүзеге асырады.

2. Басқарма Жоғары Қамқоршылық кенес пен ДББҰ-ның Қамқоршылық кенесінің шешімдерін орындайды, Қамқоршылық кенеске есеп береді және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына олардың алдында жауапты болады.

3. Басқарманың құрамы Қамқоршылық кенеспен бекітіледі. Басқарма құрамы Басқарма төрағасы мен оның орынбасарларынан басқа, атқарушы директорлар мен ДББҰ департаменттері директорларының ішінен калыптастырылады.

4. Басқарманың сандық құрамы, оның өкілеттіктері, отырыстарды шакыру мен өткізу тәртібі, қызмет пен онда шешімдерді қабылдаудың тәртібі, Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, Басқарманың кез келген мүшелерінің немесе Басқарманың барлық құрамының өкілеттіктерін тоқтату Қамқоршылық кенеспен бекітілген ДББҰ-ның басқармасы туралы ережемен айқындалады.

5. Басқарманың құзыретіне:

1) ДББҰ-ның жылдық және орта жедел бюджеттерінің жобасын дайындау және оны Қамқоршылық кенестің қарауына енгізу;

- 2) аса бағалы жылжымалы мүлікті қоспағанда, жылжымалы мүлікке билік ету;
- 3) ДББҰ-ның Құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 4) Еңбекақы төлеу жүйесі туралы ережелерді бекіту;
- 5) ДББҰ-ның барлық қызметкерлері орындауға міндettі шешімдер қабылдау және нұсқаулар беру;
- 6) ДББҰ-ның Регламентін бекіту;
- 7) ДББҰ-ның Этика кодексін, Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- 8) Жоғары Қамкоршылық кеңеспен және Қамкоршылық кеңеспен бекітілген құқықтық актілерді қоспағанда, ДББҰ қызметінің барлық мәселелері бойынша құқықтық актілерді бекіту;
- 9) оның қызмет бағыттары бойынша ДББҰ-ның регламенттерін, стандарттарын, сондай-ақ саясатын бекіту;
- 10) ДБҰҰ филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіру және бағыттау;
- 11) ДББҰ-ның жылдық бюджетін іске асыруды қамтамасыз ету;
- 12) білім беру және оку бағдарламаларын бекіту;
- 13) білім беру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 14) ғылыми-әдістемелік және зерттеу жұмысын ұйымдастыру, оның ішінде шетелдік әріптестермен ғылыми және әдістемелік конференциялар, семинарлар, тренингтер ұйымдастыру және өткізу;
- 15) Құрьлтайшысы ДББҰ болып табылатын занцы тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталдарына ДБҰҰ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары қатысатын занцы тұлғалар, аталған занцы тұлғалардың акционерлерінің (жалғыз акционердің) қатысуышыларының (жалғыз қатысуышының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 16) әкімшілік және оқытушылық персоналды жалдауға қатысты саясатты тағайындау, босату, еңбекақы төлеу, тиімділікті бағалау мен женілдіктерді қоса алғанда, бекіту және өзгерту;
- 17) ДББҰ қызметкерлерін көтермелегу жүйесі мен түрлерін бекіту;
- 18) білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, тамактандыруды ұйымдастыру үшін қажетті жағдай жасау;
- 19) білім алушылардың дene тәрбиесімен және спортпен шұғылдануы үшін жағдай жасау;
- 20) педагогикалық қызметкерлер лауазымына орналасудың Конкурстық ережесін бекіту;
- 21) педагогикалық қызметкерлердің аттестаттаудан отуінің кезенділігін белгілеу және Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін (қызметтік бағалауды) бекіту;
- 22) оку үдерісінде пайдаланылатын оқулыктардың, оку-әдістемелік кешендердің, косымша әдебиеттердің Тізбесін бекіту;
- 23) педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының Тізбесін бекіту;
- 24) шетелдік білім беру ұйымдарымен оқытушылармен және білім алушылармен алмасу туралы шешімдер қабылдау;
- 25) білім алушылардың киіміне қойылатын талаптарды белгілеу (мектеп формасының үлгілерін бекіту);

26) ДББҮ қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау жатады.

Басқарма Жоғары Қамкоршылық кеңес пен Қамкоршылық кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелерді коспағанда, ДББҮ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

### **9-бап. ДББҮ Басқармасының төрағасы**

1. ДББҮ-ның Басқармасын Қамкоршылық кеңестің шешімімен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Төраға басқарады.

2. Басқарма Төрағасы Жоғары Қамкоршылық кеңестің, Қамкоршылық кеңестің және Басқарманың құзыретіне жатқызылғандардан басқа, ДББҮ-ның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

3. Басқарма төрағасы үшінші тұлғалармен қарым-катаңа старда ДББҮ-ның атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

4. Басқарма төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Басқарманы басқарады, оның жұмысын ұйымдастырады;

2) Жоғары Қамкоршылық кеңес пен Қамкоршылық кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) ДББҮ-ның білім беру, зерттеу, каржы, әкімшілік-шаруашылық, халықаралық және өзге де қызметіне басшылық етеді;

4) ДББҮ қызметінің барлық мәселелері бойынша оның мүдделерін барлық мемлекеттік органдарда, мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, оның ішінде шетелдік ұйымдарда білдіреді; ДББҮ-ның атынан олар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген жағдайларда оларды жасасу туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылданған мәмілелерді қоса алғанда, мәмілелер жасайды;

5) үшінші тұлғалармен қарым-катаңа старда ДББҮ-ның мүдделерін білдіруге құқық беретін сенімхат береді;

6) ДББҮ-ның банктік және басқа да шоттарын ашады;

7) ДББҮ-ға қызметкерлерді жұмыска қабылдауды, ауыстыруды, жұмыстан босатуды (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен осы Жарғымен көзделмеген жағдайларды коспағанда) жүзеге асырады, оларға көтермелей шараларын, тәртіптік жазаларды колданады;

8) ДББҮ-ның қызметкерлеріне лауазымдық жалақылары мөлшерлерін белглейді, үстеме ақы және қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлерін белглейді, ДББҮ-ның қызметкерлеріне төленетін сыйлықақылардың мөлшерлерін айқындайды.

9) ДББҮ-ның жұмыс режимін белгілейді;

10) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма Төрағасының өкілеттіктерін бере отырып, Басқарма Төрағасының орынбасарына жүктейді;

11) Басқарма мүшелерінің, сондай-ак өз орынбасарларының арасында міндеттерді, сондай-ак өкілеттіктер саласы мен жауапкершілікті бөледі;

12) құзыреті шегінде бүйрыктар шыгарады, ДББҮ-ның ішкі қызметін реттейтін құқықтық актілерді бекітеді;

13) ДББҮ-ның кез келген бөлімшелері мен қызметтерінен ДББҮ қызметіне қатысты кез келген, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты Жоғары

Қамқоршылық кенес пен Қамқоршылық кенестің уақытылы алудын қамтамасыз етеді;

- 14) ДББҰ-мен берілетін сертификаттарға кол кояды;
- 15) осы Жарғымен, Жоғары Қамқоршылық кенес пен Қамқоршылық кенестің шешімдерімен айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
5. Басқарма Төрағасы қызметінің тәртібі мен онда қабылданған шешімдер осы Жарғымен және ДББҰ-ның басқарма туралы ережесімен айқындалады.

6. ДББҰ-да консультативтік-кенесші орган – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының Директорлар кенесі жұмыс істейді.

Директорлар кенесі ДББҰ-ны дамыту стратегиясын іске асыру мәселелерін, ДББҰ-ның филиалдарына жедел басшылық ету, оларды үйлестіру және олардың өзара әрекет етуі мәселелерін қарайды, Қамқоршылық кенесте және Басқармада талқылау үшін ұсыныстар дайындаиды. Директорлар кенесінің өкілеттіктері мен қызметінің тәртібі Басқарманың шешімімен айқындалады. Директорлар кенесінің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Басқарма басқа да консультациялық-кенесші органдарды құруға құқылы.

Мұндай органдарды қалыптастыру тәртібі, құрамы мен мүшелерінің өкілеттіліктері мерзімдері Басқарма бекіткен аталған органдар туралы ережемен айқындалады.

## 10-бап. ДББҰ-ның мұлкі

1. ДББҰ-ның мұлкі ДБҰҰ-ның жарғылық қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі болады. Құрылтайшының ДББҰ-ның мұлкіне мұліктік құқықтары болмайды.

2. ДББҰ-ның мұлкі:

- 1) Құрылтайшының нысаналы салымдарының;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша берілген мемлекеттік мұліктің;
- 3) демеушілік, қайырымдылық, нысаналы және басқа да жарналардың, ерікті қайырмалдықтар мен мұліктік жарналардың;
- 4) Назарбаев қорымен ұсынылған қаржыландырудың;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түсken түсімдердің (табыстардың);
- 6) ДББҰ-ға тиесілі зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды пайдаланудан түсетін кірістердің;
- 7) акциялар, облигациялар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтердің (табыстардың, сыйақының (мұddenін);
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

ДББҰ өзіне беруге жіберілген мұлік, оның ішінде ДББҰ меншігіне кіретін жылжымайтын мұлік мәмілелері бойынша тарап ретінде дербес әрекет етуге құқылы.

3. ДББҰ қызметін қаржыландыру көздері болып мемлекеттік тапсырыс; гранттар; нысаналы салымдар; кредиттер; карыздар; тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан түсken каражат; кәсіпкерлік қызметтен түсken табыстар; заңды және жеке тұлғалардан түсken демеушілік, қайырымдылық, нысаналы және

баска да жарналар, ерікті қайырмалдықтар мен мұліктік жарналар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден алынған қаражат табылады.

4. ДББҰ коммерциялық емес үйым ретінде негізгі мақсаты пайда алу болып табылмайды. ДББҰ кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келгенше ғана айналыса алады. Кез келген көздерден алынған, оның ішінде ДББҰ-ның кәсіпкерлік қызметінен алынған қаражат жарғылық міндеттерді шешуге бағытталады және болуға және Құрылтайшыға беруге жатпайды.

5. ДББҰ-ның мұлкіне билік ету Жоғары Қамқоршылық кеңеспен бекітілген Мұлікке билік ету ережесімен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ДББҰ өз мұлкінің сақталуы және тиімді пайдаланылуы үшін жауапты болады.

6. Осы Жарғымен көзделген мақсаттарға кол жеткізу үшін ДББҰ Қор күргуга күкілы, ол ДББҰ-ның таза табысынан аударымдар, демеушілік және кайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар мен кайырмалдықтар жолымен. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған баска да көздермен калыптастырылады.

### **11-бап. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Жоғары Қамқоршылық кеңестің шешімімен Қамқоршылық кеңестің ұсынысы бойынша енгізіледі.

2. Жоғары Қамқоршылық кеңес осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге өз бетінше бастама жасауга күкілы.

### **12-бап. ДББҰ-ны қайта ұйымдастыру және тарату**

1. ДББҰ-ны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, болу, шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, коммерциялық емес заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырылады.

2. ДББҰ-ны ерікті қайта ұйымдастыру Жоғары Қамқоршылық кеңес шешімінің негізінде ғана мүмкін болады.

3. ДББҰ:


- 1) Жоғары Қамқоршылық кеңестің шешімі (ерікті тарату) бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, сottың шешімі (ықтиярсыз тарату) бойынша таратылуы мүмкін.

4. ДББҰ-ны тарату Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ДББҰ таратылған кезде кредит берушілердің талаптары канагаттандырылғаннан кейін қалған мұлік Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімімен айқындалған мақсатқа бағытталады.

Қамқоршылық  
кеңесінің төрағасы

Е.Т. Орынбаев



**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының  
Жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

**4-бапта:**

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. ДББҰ ақылы негізде білім беру қызметін көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерді ұсыну тізімі мен тәртібі ДББҰ-ның ішкі құжаттарымен анықталады.»;

11-тармақтағы «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық» санитариялық қағидаларында» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ алынып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Білім алушылар ДББҰ-дан келесі жағдайларда шығарылады:

1) әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда;

2) ДББҰ-ның Жарғысын немесе білім алушыларға арналған Ішкі тәртіп ережелерін өрескел немесе бірнеше мәрте бұзғанда;

3) оку сабактарына дәлелсіз себеппен 10 оку күнінен артық қатыспағанда;

4) толық оку жылы бойы білім ала отырып, оку жылын бір пәннен «қанағаттанарлықсыз» бағаға бітіргенде;

5) толық оку жылы бойы білім ала отырып, оку жылын үш пәннен «қанағаттанарлық» бағаға бітіргенде.

ДББҰ-нан шығаруға білім алушының не оның ата-анасының (занды екілдерінің) мектептен шығу себебі көрсетілген өтініші де негіз болады.».

мынадай мазмұндағы 13-баппен толықтырылсын:

«13-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Жарғының ережелері мен ДББҰ-ның ішкі құжаттардың ережелері арасында қайшылықтар орын алған жағдайда, осы Жарғының ережелері қолданылады.

2. Жарғы ережелеріне қайши келетін ішкі құжаттардың ережелері, ДББҰ-ның Қамқоршылық кеңесі және Басқармасы туралы ережелерін қоса алғанда, Жарғы ережелеріне міндетті түрде сәйкестендірілуі тиіс.».



«Назарбаев Университеті»,  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымдарының  
және «Назарбаев Қоры» Жоғары  
қамқоршылық кеңесінің сырттай  
отырысының 2020 жылғы   
тағарғы № 9 хаттамасымен  
бекітілді

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының  
жарғысына өзгеріс**


1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымдарының және «Назарбаев Қорының» Жоғары  
қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 2 хаттамасымен  
бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының  
жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгеріс енгізілсін:

- 1) Жарғының 1-бабының 5-тармағы келесі редакцияда жазылсын:  
«5. ДББҰ-ның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-  
Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғ., 53.».

**Жоғары қамқоршылық кеңестің атынан және оның тапсырмасы  
бойынша:**

**К. Шамшидинова**





«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымдарының және «Назарбаев Қоры» Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2022 жылғы 1 маусымындағы №10 хаттамасымен бекітілді

## **«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының жарғысына өзгеріс**

1. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының және «Назарбаев Қорының» Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 2 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгеріс енгізілсін:

1) Жарғының 1-бабының 5-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«5. ДББҰ-ның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1.».

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім беру ұйымының  
Басқарма Төрайымы**



**К.Шамшидинова**

№2 қосымша

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев  
Зияткерлік мектептері» дербес білім  
беру ұйымдарының және «Назарбаев  
Қорының» Жоғары қамкоршылық  
кенесі сырттай отырысының 2023  
жылғы «02» қаңаң № 11  
хаттамасымен бекітілді

## «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының және «Назарбаев Қоры» Жоғары Қамкоршылық кенесінің 2013 жылғы «18» сәуірдегі №2 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптағы 5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«5. ДБҰ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1.»;

2) 2-баптағы 8-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Филиал (өкілдік) туралы ереже, филиалдың (өкілдіктің) құрылымы мен штаттық саны және еңбекақы төлеу жүйесі ДБҰ Басқармасының шешімімен бекітіледі.»;

3) 3-баптағы 3-тармақтың:

2)-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) педагогтердің және өзге мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;»;

8)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«8) білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық, оның ішінде педагогтер мен білім алушылармен халықаралық алмасу;»;

16)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«16) жұмыс тәжірибесін (педагогикалық тәжірибелі диссеминациялау), оның ішінде ақылы негізде білім беру қызметтерін және нормативтік құжаттарды, оқулықтарды, педагогтерге арналған нұсқаулықтарды, әдістемелік құралдар мен басқа да құжаттарды сату жолымен трансляциялау»;

4) 4-баптағы:

6-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«6. ДБҰ-да білім беру үдерісі ДБҰ Басқармасы бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес ұйымдастырылады.»

8-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«8. Қазақстан Республикасының азаматтары «Өркен» білім беру гранты бойынша ДБҰ-ға окуға конкурстық негізде қабылданады.

Қабылдау тәртібі ДББҰ Басқармасы бекіткен ішкі құжаттармен реттеледі, сондай-ақ ҚР Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйінде дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау қагидалары мен мөлшерлерін бекіту туралы ережелермен реттеледі.

ДББҰ-да оқуға қабылданған азаматтар білім алушылар болып табылады.

Біліктілігін ДББҰ-да арттырып жатқан педагогтер тыңдаушылар болып табылады.»;

15 тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«15. ДББҰ-да тәртіп білім алушылардың, педагогтердің қадір қасиетін құрметтеу негізінде сақталынады. Білім алушыларга дene және психологиялық күш көрсету әдістерін қолдануға жол берілмейді. Адамгершілікке жат, сондай-ақ білім алушылардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті оқыту әдістерін пайдалануға тыйым салынады.»;

5) 6-баптағы:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«1. Жоғарғы қамқоршылық кеңес ДББҰ-ның ең жоғарғы басқару органды болып табылады.

Жоғарғы қамқоршылық кеңестің тәрағасы Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын тұлға болып табылады.»;

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«2. Жоғары қамқоршылық кеңес құрылымы, құзыреті, қалыптасу тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімдері, шешім қабылдау тәртібі Занда, сондай-ақ Жоғары қамқоршылық кеңестің тәрағасы бекітетін Жоғары қамқоршылық Кеңес туралы ережеде айқындалады.»;

6) 7-баптың 7-тармағы

мазмұны келесідей 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;»;

мазмұны келесідей 2-2)-тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) Қамқоршылық кеңес хатшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін тоқтату;»;

7) 8 баптағы 5 тармақ:

мазмұны келесідей 10-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) мектептердің үлгілік штат кестесін бекіту»;

14)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«14) ғылыми-әдістемелік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, оның ішінде ғылыми және әдістемелік конференциялар, семинарлар, тренингтер, білім берудегі конкурстар мен олимпиадаларды, оның ішінде шетелдік әріптестердің катысуымен ұйымдастыру және өткізу;»;

23)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«23) ДББҰ педагогтерінің лауазымдарының Тізбесін, сондай-ақ педагог лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту;»;

24)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«24) шетелдік білім беру үйымдарымен педагогтермен және білім алушылармен алмасу туралы шешімдер қабылдау;».

**Жоғары қамқоршылық кеңестің атынан және тапсырмасы бойынша:**

Жанғозин  
Әнүар Қанатұлы





№1 косымша

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев  
Зияткерлік мектептері» дербес білім  
беру үйімдарының және «Назарбаев  
Корының» Жоғары қамқоршылық  
кеңесі сырттай отырысының 2023  
жылғы 11 наурыз № 1  
хаттамасымен бекітілді

## **«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар**

«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімдарының және «Назарбаев Қоры» Жоғары Қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы «18» сәуірдегі №2 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімінің Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3-баптағы 3-тармақтың:

мазмұны келесідей 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) білім беру үйімдарын аккредиттеу;»;

мазмұны келесідей 3-2)-тармақшамен толықтырылсын:

«3-2) білім беру саласында зерттеулер жүргізу;»;

16)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«16) жұмыс тәжірибесін (педагогикалық тәжірибелі диссеменциялау), оның ішінде білім беру қызметтері мен нормативтік құжаттарды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, цифрлық шешімдер мен ресурстарды, сондай-ақ білім беру саласындағы басқа да құжаттар мен жобаларды сату арқылы таратуды;»;

2) 4-баптағы:

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«12. Оқыту барысында ДБҰ Басқармасы бекітken ішкі құжаттарға сәйкес білім алушыларды ішкі және сыртқы бағалау жүзеге асырылады.»;

13-тармақ бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«13. Негізгі мектеп пен жоғары мектептің білім беру бағдарламалары білім алушыларды сыртқы бағалау нысанында өткізілетін міндettі қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Ол ДБҰ Басқармасы бекітken ішкі құжаттарға сәйкес өткізіледі.»;

16-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«16. «Өркен» білім беру гранты бойынша білім алушылар ДБҰ-нан келесі жағдайларда шығарылады:

1) әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда;

*Дүйші*

*f. Әlyanov*

2) ДББҰ-ның Жарғысын немесе білім алушыларға арналған Ішкі тәртіп ережелерін өрескел немесе бірнеше мәрте бұзғанда;

3) оқу сабактарына дәлелсіз себеппен 10 оқу күнінен артық қатыспағанда;

4) толық оқу жылы бойы білім ала отырып, оқу жылын бір пәннен «қанағаттанарлықсыз» бағаға бітіргендегі;

5) толық оқу жылы бойы білім ала отырып, оқу жылын үш пәннен «қанағаттанарлық» бағаға бітіргендегі;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығы болмаған жағдайларда.

ДББҰ-дан шығаруға білім алушының не оның ата-анасының (занды өкілдерінің) мектептен шығу жөніндегі себебі көрсетілген өтініші де негіз болады.»;

3) 7-баптың:

7-тармағының 12), 13) және 14)-тармақшалары алып тасталсын;

12-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«12. Қамқоршылық кеңестің төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шарттарды сақтамай, Жоғары қамқоршылық кеңестің төрағасының шешімімен сайлануы мүмкін.»

4) 8 баптағы 5 тармақ:

16)-тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«16) қызметкерлердің персоналды жалдауға қатысты саясатты тағайындау, босату, еңбекақы төлеу, атестаттау, тиімділікті бағалау мен женілдіктерді қоса алғанда, бекіту және өзгерту;»;

мазмұны келесідей 17-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) тындаушыларға шекіртқы, олардың мөлшері мен төлеу тәртібін белгілеу;»;

мазмұны келесідей 17-2)-тармақшамен толықтырылсын:

«17-2) педагогикалық қызмет үшін атаулы көтермелей белгілерін, атаулы сыйлықақы тағайындау және оларды беру тәртібін белгілеу;»;

мазмұны келесідей 17-3)-тармақшамен толықтырылсын:

«17-3) тиісті органдарға ДББҰ қызметкерлерін үкіметтік наградалармен марапаттау туралы және құрметті атақтар беру туралы қолдаухаттар енгізу;»;

20) және 21)-тармақшалар алып тасталсын.

**Жоғары қамқоршылық кеңестің атынан және тапсырысы бойынша:**

**Жанғозин  
Әнұар Қанатұлы**

